

ДӘСТҮРЛІ МЕНТАЛЬДІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Қазақтың ұлттық дүниетанымы мен философиясы сан ғасырдан бері халқымызбен бірге жасасып келе жатқан фольклоры мен әдебиетінде жатқаны анық. Онда халықтың өмір сүрген ортасына, тарихи кезеңдерді бастан кешіруіне байланысты жинақталған көзқарасының көркем формасы көрініс табады. Ал, соны бүгінгі заман талабымен, бүгінгі үдеріспен байланыстыра талдау ұлттық ғылымымыз бен мәдениетіміздің заманауи бағытта дамуына үлкен әсері болары сөзсіз. **Қазақ әдебиеттану ғылымында дәстүрлі ментальдік тақырыбында індет зерттеген ғылыми еңбектер әлі жазыла қойған жоқ. Соның алғашқы бастамаларының бірі ретінде белгілі әдебиеттанушы ғалымдар Дихан Қамзабекұлы, Бауыржан Омарұлы, Амантай Шәріптердің бірігіп жазған «Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік» атты монографиясын атауға болады. Кітаптың жауапты редакторлары – ҚР ҰҒА академиктері Серік Қирабаев пен Сейіт Қасқабасов.**

Ұлттық әдебиетіміздің арғы-бергі тарихы мен теориясын зерделеіп жүрген ғалымдар талай жылғы өз зерттеулеріндегі дәстүрлі ментальдік мәселесіне қатысты маңызды тұстарды ғылыми жинаққа топтастырған. Кітапта қазақ халқының әр замандағы өзіне тән тұрмысы мен тіршілігіне, ақыл-ойы мен сана-сезіміне, айналадағы дүниені тануының әдебиеттегі көрінісіне жүйелі түрде талдау жасалады. Шығарма мәтіндерінің әлеуметтік, мәдени, психологиялық, лингвистикалық қырларын талдай отырып, іргелес гуманитарлық ғылымдармен пәнаралық байланысты да басты назарда ұстайды. Әлемдегі психоанализ, герменевтика, структурализм, семиотика, т.б. озық ғылыми-теориялық және методологиялық мектептердің қазақ әдебиеттануында әлі кеңінен қанат жая қоймауына байланысты кітап авторлары негізінен сәтелдік ғалымдардың тәжірибелеріне сүйене отырып зерттеу жүргізеді. Кітап негізгі үш үлкен тараудан тұрады.

Ғалым А.Шәріп зерттеген «Әдебиет-тарихи үдеріс және дәстүрлі ментальдік» атты алғашқы тарауында «Ментальдік» ұғымының пайда болу тарихына, оның

философия мен мәдениеттану саласында қолданылуына ерекше назар аударады. Аталмыш ұғымды Еуропа ғалымдарының әр кезеңде қолдану деректеріне ғылыми сараптама жасайды. Ал, қазақ ментальдігінің қалыптасуына әсер еткен факторлар ретінде көшпелі өркениетті, Батыс пен Шығыс арасындағы транзитті жағрафиялық жағдайды, Тәңіршілдіктен қалған наным-сенімдер мен Ислам дінінің ұштастығын атап өтеді. Аталмыш тарауда А.Шәріп осының бәрін жинақтай келе қазақ әдебиетіндегі ұлттық ментальдіктің генезисінің, эволюциясы мен трансформациясының рухани көріністерін алты кезеңге бөліп көрсетеді. Мәселен, бірінші кезеңнің көрінісін, сонау, түркілік түпнегіз уақытынан қазақ хандығының қалыптасуы тұсындағы жыраулық поэзиядан іздесе, екінші кезеңге ХҮІІІ ғасырдағы жонғар шапқыншылығы мен орыс отаршылығы төбе көрсеткен тұсты белгілейді. Дәл осы уақытта ғұмыр кешкен Бұхар жыраудың шығармалары ұлттық бірігу идеясының түпқазығы болғанын айтады. Ал, үшінші кезеңге ХІХ ғасырда қазақ жұртының Ресейдің қол астына өту кезіндегі әртүрлі көзқарас-концепциялар тұрғысында жырлаған ақындарды бірнеше топқа бөледі. Олар: халықты ұлт-азаттық көтеріліске үндеген Махамбет бастаған ақындар, отаршылыққа өткір тілімен наразылық танытқан Дулат, Шортанбай, Мұраттар бастаған «Зар заман» ақындары, ұлттың өзін-өзі сақтау сарынында жырлаған Абай және ағартушылық бағыттағы ақындар. Төртінші кезеңге ХХ ғасыр басында жетекші орынға шыққан саяси күрескерлік тенденцияны басты назарға ала отырып, түрікшілдік, милләтшілдік, жәдитшілдік, Алаш идеяларын ту етіп ұстанған А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ғ.Қараш, С.Торайғырұлы, М.Жұмабайұлы т.б. ақындарды топтастырады. Бесінші кезеңге Кеңестік Үкімет уақытында тоталитарлық жүйе жағдайындағы таптық мүдденің тасасында күн кешкен этностық белгі-сипаттарды атайды. Ол белгілер қазақ-кеңес ақындары Қ.Аманжоловтың,

Қ.Беккожиннің, Ә.Тәжібаевтың, Ж.Молдағалиевтің, Қ.Мырза Әлидің, Ж.Нәжімеденовтің, М.Мақатаевтың, т.б. ақындардың шығармашылығы арқылы сипатталғанына тоқталады. Ең соңғы алтыншы кезенді Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңғырып, жанару кезіндегі ұлттық көркемөнерінің барлық саласында бейнеленетін көшпелі дәуірлердің дүниетанымдық құндылықтары екенін атап көрсетеді.

Ғалым А.Шәріп ақындар шығармашылығындағы ұлттық мінез көрінісі мен дәстүрлі ментальдіктің күрделі арақатынасын зерделей отырып, оның жыраулар поэзиясында, Абай өлеңдерінде, М.Жұмабайұлы, т.б. қаламгерлердің шығармаларында бейнеленуіне жан-жақты тоқталған.

Белгілі әдебиеттанушы Б.Омарұлы зерттеген «Зар заман поэзиясы және ұлт ментальдігінің трансформациясы» тарауында ХІХ ғасырда ел мен жердің азаттығын аңсаған ақындардың жырлары арқылы сақталған мәдени құндылықтарды ой таразысынан өткізеді. Ғалымның пікірінше «Зар заман әдебиетінің» негізі қазақтың фольклорлық мұралары қалыптастырған төл оппозициялық ұғымында жатыр. Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері, Албан Асан т.б. ақындар шығармашылығында молынан кездесетін «Заманақыр» тұжырымының ұшығы халықтың отаршылыққа наразылығынан басталатынын тілге тиек етеді. Ал, «ұлт ментальдігі – отаршылыққа наразылық жырларының негізгі ұстанымы» дейді. «Зар заман» ағымының өкілдері шығармаларындағы Ресей отаршылығы басталған кездегі елдің екіге жарылу бейнесінің көрініс табуы, көшпелі мәдениеттің отырықшылыққа ауысуын ақырзаманның белгісі ретінде наразылықпен қабылдауы қалыптасқан ұлттық дүниетанымның қағидалары негізінде жүзеге асатын заңдылық. Олардың жырларындағы басқыншы империяның саясатымен бірге келген тұрмыстық жаңалықтарды (ақша, самауыр, т.б.) қабылдамау ұғымы да сол себепті деп түйіндейді.

Зерттеуші Б.Омарұлы отаршылық қамытын киген қазақ халқының сол кезеңдегі әдебиетте көрініс тапқан сана-

сезімін, ой-толғамдарын зерттеуде бірқатар ғылыми тәжірибелер жасайды. Ол үшін әлемдегі өмір сүру мәдениеті қазаққа ұқсас кейбір елдердің әдебиетіне шолу жасайды. Мәселен, француздардың боданында болған көшпелі фульбе халқының поэзиясындағы пайымдаулардың қазақ ақыны Шортанбайдың жырларымен үндесуі ұқсастықтың, тағдырластықтың дәлелі деген ой қорытады. Ағылшындардың отары болған Үндістандағы урду тілінде сөйлейтін халықтың поэзиясының сипатының өзгеруін, дәл біз сияқты қоғамдық формацияны бастан кешірген көршілес қырғыз, қарақалпақ елдері ақындарының шығармашылығында «зар заман» идеясының көрініс табуын қазақ ақындары жырларымен салыстыра талдау зерттеудің ғылыми маныздылығын арттыра түскен. Ғалым осы тәжірибелері арқылы тәуелсіздікке ұмтылған әр халықтың мақсат-мұраты, ой-ниетінің ортақ болатынын дәлелдеп шыққан.

Алаштанушы Д.Қамзабекұлы зерттеу жүргізген «Түркі ментальдігі және қазақ ағартушылығы» тарауында ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының жәдитшілдік концепция негізінде күрес жүргізуі, батысқа бетбұрыс идеясының бағыттары, милләтшілдік (ұлтшылдық) кезең қаламгерлерінің ой-тұжырымдарын олардың шығармаларын талдау арқылы ғылыми сараптаудан өткізеді. Бұл жаңашыл идеялар тек қазақ арасында ғана емес, түркі халықтарының, мұсылман елдердің көбіне қанат жайғанын айтады. Ғалым Д.Қамзабекұлы білім, ағарту саласында жаңаша тәжірибелерге жүтінген жәдитшілдікті ХХ ғасыр басындағы ақын-жазушылардың барлығы қолдағанын атап көрсетеді. Осы ретте, Қырым татарларынан шыққан тұлға И.Гаспринскийдің, Қазан татары Әл-Маржанидың, қазақ Ә.Бөкейханның, А.Байтұрсынұлының, М.Дулатұлының, т.б. жәдитшілдік ағымының негізінде елді ағартуға сіңірген еңбектеріне ерекше тоқталады.

Д.Қамзабекұлы сол кезеңдегі әдебиеттің атқарған міндеттерін екі топқа бөліп қарастырады. Біріншісі, әлеуметтік-идеологиялық қызмет. Мұнда «қазақтың өмір сүру салты сыртқы күштерден теперіш көрген шақта оның халық ретінде жойылып кетпеуі үшін әдебиет ұлтты ұйыстыру

қызметіне араласқанын» айтады. Ақын-жазушылардың жаппай ағартушылық сарынға түскенінің себебін де осыдан іздейді. **Екіншісі**, әлеуметтік-эстетикалық қызмет. Бұл жерде халықтың қандай жағдайда жүрсе де рухани эстетикалық қажеттіліктен ажырамайтынын тілге тиек етеді. «Қасиет, талғам, түсінік осы қуаттан қалыптасады» деген тұжырым жасайды.

XX ғасыр басында жәдитшіл ұлт жанашырларының халықты білім ғана күтқарады деген идеяға тоқталып, білім-өнер алыбы Еуропа үніле бастауы қазақты қайтсек те қараңғылықтан күтқарамыз деген ұмтылыстан туындаған еді. Д.Қамзабекұлы олардың Еуропаға үмітпен де, күдікпен қарағанын айтады. Мақсаттары, «жаксысын үйреніп, жаманынан жирену» болғанын да назардан тыс қалдырмайды.

Еңбекте ғалым XX ғасырдың жиырма-сыныншы жылдарындағы мәдени-рухани бірлікті саралай келіп мынадай тұжырымдар жасайды: **Біріншіден**, Ресейдегі Қазан төңкерісі түркі халықтарының идеалдарына қайшы келгендіктен әдебиетте күрескерлік, елшілдік сипат тереңдеді. **Екіншіден**, қиын кезеңде шыныққан Ресейлік түріктердің жәдитшілдігі басқа сапаға көшті. **Үшіншіден**, большевиктер бодандаған түркі халықтарында екі әдеби бағыт пайда болды. Олар елшілдік және пролетарлық әдебиеттер еді. Елшілдік бағыт ұлттың мұнын әдебиетте шынайы бейнелеуге тырысты. Ал, пролетарлық бағыт бір сипатты болған жоқ. Арасында даңғаза ұраншылдары да болды, сондай-ақ алғашында дүрмекке ілескенімен, кейіннен заманның кейпін түсініп шошынғандар да болды.

Қорыта келгенде, үш белгілі әдебиеттанушымыз әр кезең әдебиетін ғылыми сүзгіден өткізіп, сол арқылы ұлт ментальдігін зерделеген ғылыми еңбек гуманитарлық ғылымдар саласындағы осы тақырыпқа қызығушылық тудыратын көзқаракты қауымға таптырмас деректерге толы кітап екенін айтқымыз келеді.

Серікзат ДҮЙСЕНҒАЗИН,
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
қазақ әдебиеті кафедрасының
доценті, филология
ғылымдарының кандидаты

Зейнетақы туралы білесіз бе?

Алғаш зейнетақы жүйесі XV ғасырдың екінші жартысында XI Людовиктің патшалығында болған. Ал, алғаш рет барлық жұмыскерге ортақ мемлекеттік зейнетақыны ресми түрде Германия канцлері Отто фон Бисмарк енгізді. Бұл 1889 жыл болатын. Кейіннен, 20 жылдан соң зейнетақы жүйесінен хабардар болған көбі өз мемлекеттеріне енгізіп жатты. Олар: Ұлыбритания, Австралия, Америка Құрама Штаттары. Олар Германияға қарағанда бұл жүйені мемлекеттеріне кеш енгізді. Яғни, бұл елдер XX ғасырдың 30 жылдарында зейнетақы жүйесін толық кіргізді. Ал, Қазақстанға зейнетақы жүйесі Кеңес Одағы арқылы жетті. Ресейге бұл жүйені әкелген I Петр болатын. Бұрындары зейнетақы елге жасаған ерлігі үшін әскери шені бар адамдарға берілсе, кейіннен бұл заңға өзгертулер енгізіліп, 1918 жылдан бастап зейнетақы мүгедек жандарға берілетін болған. 1923 жылдан бастап кәрі большевиктерге, 1928 жылдан бастап, тау-кен ісі мен тоқымалық өнеркәсіпте еңбек ететіндерге беріле бастады. Ал, 1937 жылдан бастап, барлық қаладағы жұмыскерлер мен қызметкерлердің де қолына тиді.

Қазір әлемнің көптеген елдерінде зейнетке шығу жасы 65 жас болып саналады. Еуропа мен АҚШ-та 2060 жылдары зейнетке шығу жасын әйелдер үшін де, ерлер үшін 70 жасқа жоғарылату көзделіп отыр.

Ал, қазіргі уақытта әлемдегі ең жоғары зейнетке шығу жасы – 70 жас. 70-ке дейін өмір-өзенімен ағып келуге шамасы келген қарт кісі зейнетақының қызығын сонда ғана көреді.

Әлемдегі ең мардымсыз зейнетақыны Грузия халқы алады. Ол жерде зейнетақы құны бар болғаны 40 долларды ғана құрайды.

Ал, әлемдегі ең көп зейнетақы дат қарттарының қалтасында. Дәл осы мемлекетте зейнеткерлер айына 2800 долларды қалтасына басады.

Әлемдегі ең көп зейнетақы иесі ретінде швед Перси Барневиктің есімін елемей өтуге болмас. Инвестициялық қордың басқармасында атқарушы болып жұмыс жасаған кезінде ол өзінің зейнеткерлік қорына 100.000.000 доллар жинаған.

Ал, Қытайда тек әскери шені бар қарттар ғана зейнетке шығып, өзіне тиесілі қаражатын алады.